



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 25 (8053) 19 маусым, Жұма 2026 жыл

aktogai_red@mail.ru

* Ақорда

Президент Ерлан Қошановқа партия басшылығындағы нәтижелі жұмысы үшін алғыс айтты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев АМАНАТ партиясының бұрынғы төрағасы Ерлан Қошановқа аталған лауазымдағы абыройлы, нәтижелі әрі елге пайдалы еңбегі үшін алғыс айтты. Бұл жайлы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады. Сонымен қатар ол партия мүшелерінің жуырда өткен съезде жаңадан құрылған «Әділет» партиясына қосылу жөнінде қабылдаған тарихи шешімдеріне ризашылығын білдірді. Президент елімізді жаңғырту, заң үстемдігі мен қоғамдық тәртіпке негізделген Әділетті Қазақстанды құру ісіне АМАНАТ партиясының елеулі үлес қосқанын атап өтті. Мемлекет басшысы отаншыл партия мүшелерінің «Әділет» партиясының қатарында да ел игілігі

жолындағы белсенді әрі жемісті қызметін абыроймен жалғастыра беретініне сенім білдірді.

Материалды әзірлеген
Аяулым СОВЕТ.

«Аманат» партиясы «Әділет» партиясына қосылды

Астанада «Әділет» партиясының ІІ Съезі өтті. Күн тәртібінде партияны одан әрі дамыту, өңірлік филиалдар құру, ұйымдық құрылымды нығайту және ел дамуы жолындағы ортақ міндеттер төңірегінде саяси күштерді топтастыру мәселелері қаралды. Әділет партиясынан Съезд қарсаңында стратегиялық сессия ұйымдастырылып, делегаттар партияның алдағы кезеңдегі басым бағыттарын талқылады. ІІ Съезд қатысушыларының алдында сөз сөйлеген партия төрағасы Айбек Дәдебай Қазақстанның жаңа даму кезеңіне аяқ басқанын атап өтіп, саяси күштерден реформаларды қолдау ғана емес, халықпен тығыз жұмыс жүргізу және азаматтардың сұраныстарына



нақты жауап беруді талап ететінін айтты.

– Біз Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстан құру бағытын толық қолдаймыз және оны мемлекетті ұзақ мерзімді

нығайтудың стратегиялық бағдары деп санаймыз. Алайда реформалардың табысы тек мемлекеттік шешімдерге ғана байланысты емес. Ол қоғамның өзгерістерге қатысуға дайындығымен және саяси күштердің жауапкершілікпен әрі жасампаздықпен әрекет ете білуімен айқындалады. «Әділет» партиясы

(Жалғасы 3-бетте).

Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мемлекеттік қызметші күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекеттік қызмет – үлкен жауапкершілік пен адалдықты, жоғары кәсібилік пен елге деген шынайы жанаушылықты талап ететін абыройлы міндет. Бұл – халық пен билік арасындағы сенімді нығайтып, елдің тұрақты дамуы мен қоғамның әл-ауқатын арттыру жолында аянбай еңбек етудің айқын көрінісі. Сіздердің білімдеріңіз, тәжірибелеріңіз бен қажырлы еңбектеріңіз мемлекетіміздің өркендеуіне және ауданымыздың өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосып келеді.

Президентіміздің әділетті әрі тиімді мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру бағытындағы бастамаларын жүзеге асыруда сіздердің еңбектеріңіз ерекше. Ел мүддесін бәрінен биік қойып, халық игілігі үшін атқарып жүрген адал қызметтеріңіз әрдайым құрметке лайық.

Осы айтулы мереке күні сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, бақ-береке, баянды бақыт, толағай табыс пен қызметтеріңізге жаңа жетістіктер тілейміз. Еңбектеріңіз еленіп, халықтың алғысына бөлене беріңіздер! Еліміздің өркендеуі жолындағы абыройлы қызметтеріңіз жемісті болып, мерейлеріңіз үстем болсын!

Ізгі тілекпен,

Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов.

Ақтоғай аудандық мәслихатының төрағасы Рашид Әбеуов.

Құрметті полиция қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Республикасы Полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтардың өмірі мен мүлкінің қауіпсіздігін қорғау – үлкен жауапкершілік пен адалдықты талап ететін абыройлы міндет. Сіздер күн мен түнге, уақытпен санаспай, ел тыныштығы мен қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Халықтың сенімі мен құрметіне ие болып, мемлекетіміздің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайту жолындағы еңбектеріңіз ерекше бағалауға лайық.

Антқа адалдық, әділдік пен батылдық – сіздердің қызметтеріңіздің басты ұстанымы. Алдағы уақытта да кәсіби шеберліктеріңіз бен жауапкершіліктеріңіз ел игілігіне қызмет етіп, құқықтық тәртіптің нығаюына өз үлесін қоса беретініне сенім мол.

Осынау айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық пен бақ-береке, еңбектеріңізге толағай табыс, қызметтік белестердің биігінен көріне берулеріңізге тілектеспіз. Еліміздің тыныштығы мен халқымыздың қауіпсіздігі жолындағы абыройлы қызметтеріңіз әрдайым мәртебелі болсын!

Ізгі тілекпен,

Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов.

Ақтоғай аудандық мәслихатының төрағасы Рашид Әбеуов.



AQTOĞAI AJARY

2026 жылдың жарты жылдығына жазылыңыз!

Аудан өмірінің айнасы, ауданымызда жарық көретін жалғыз басылымды қолдаңыз, ағайын!

Газетке «Қазпоштаның» аудандық, ауылдық бөлімшелері және Kaspi GOLD арқылы жазылуға болады.
Тел: 8-708-547-43-03

Kaspi GOLD

Ескерту: Kaspi GOLD арқылы жазылған абоненттің аты-жөні, ИИН мен мекен жайы көрсетіліп, төлемнің скрин нұсқасын жіберу керек.

Жеке жазылушылар үшін
индексі – 65031,
6 айға – 3542,22 теңге

Мекеме, ұжымдар үшін
индексі – 15031,
6 айға – 3542,22 теңге



aktogai_red@mail.ru



Aktogai_ajary



www.facebook.com/a.ajary.kz

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.
Анықтама телефондары:
2-18-81, 2-15-39.



Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев өзінің «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан-егемен еліміздің болашақтағы бейнесі» екендігін айқындап берді.

Президент «маңызды шешімдердің жүртілуінің қатысуымен ашық қабылданатынын және мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асатынын» атап өтті. Бұл ретте «адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады». Бұл еліміздің мемлекеттілігін нығайтып, қоғам мен мемлекетті түбегейлі өзгертуге, ең ақыры жаһандық және ішкі сын-қатерлерге қарсы атқарылатын ауқымды дүниелердің сапалы атқарылуына деген салмақты саясаттың нәтижесі болатыны сөзсіз.

Даму кезеңімізде мемлекеттік қызметті жетілдіруге бағытталған реформалар жүргізіліп, уақыттың көші жылжыған сайын мемлекеттік қызмет-шілерге қойылатын талаптарда барынша күшейтіліп келеді. Нәтижесінде бұл мемлекеттік қызметтің сапасының артуына мүмкіндік береді. 1999 жылы 23 шілдеде мемлекеттік қызметшілердің барлық міндетті, мақсатты қырларын айқындайтын «Мемлекеттік қызмет туралы» заң қабылданды.

Қолданыстағы осы заң бүгінгі күнге дейін бірнеше рет өзгертіліп, толықтырулар енгізілді. Бірнеше жыл бұрын

Мемлекеттік қызметші – халық игілігі жолындағы маман

мерекелік күнтізбенің қатарына 23 маусым – Қазақстан Республикасында «Мемлекеттік қызметшілер күні» болып бекітілген болатын. Мерекенің басты мақсаты – мемлекеттік орындарда қызмет істейтін азаматтардың жұмысқа деген ынта-жігерді арттыру, жылдар бойы сіңірген еңбегін назардан тыс қалдырмай, марапаттау, елге талмай еңбек етіп жатқан азаматтарымыздың шығармашылығына шабыт беру, халық пен билік арасындағы байланысты нығайта түсу болып табылады. Бұдан басқа, марапаттаулар қатарына «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісі бекітілді. Бұның барлығы мемлекеттік қызметшілердің абыройын көтеріп, қызметіне деген сүйіспеншілігін арттырып, жарқын нәтижелерге ынталандыруға септігін тигізеді деп есептеймін. Жалпы мемлекеттік қызмет мен үшін жауапты міндеттер жүктейтін, абыройлы лауазым болып табылады. Бүгінде әрбір арнайы-орта және жоғары білімі бар жас мамандарға мемлекеттік қызметке келу үшін оңай жағдай жасалған. Бұл қызмет түрі үміткерден небәрі жеткілікті білімді, құқықтық сауаттылықты, өнегелі тәртіпті, адалдық пен арнамыс тазалығын талап етеді. Жоғары кәсіби мемлекеттік қызметті және тиімді басқару құрылымын құру ісінде міндеттерді іске асыру көбіне мемлекеттік қызметшінің кәсібилігіне байланысты. Сонымен қатар, маңызды функционалдық және мәртебелік маңызы бар мемлекеттік қызмет имиджі халықтың мемлекеттік аппаратқа сенімі деңгейінің көрсеткіші және қоғамның басқару қызметінің тиімділігін бағалау өлшемі болып табылады.

Қазіргі таңда Ақтоғай ауданы әкімі аппаратындағы, кент, ауылдық округтер әкімдерінің аппаратындағы, дербес бөлімдердегі «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілердің 126

штат бірлігі болса, 117 мемлекеттік қызметкерлер нақты жұмыс жасайды. Ағымдағы жылдың 2-тоқсанында 22 орынға конкурс жарияланып, 9 адам конкурстық негізде жұмысқа қабылданды. Жұмысқа қабылданғандар дербес бөлімдерге, ауылдық округтер әкімдері аппаратына орналасты. Қазіргі уақытта, 9 бос орын бар. Бос орындарды толықтыру жұмыстары жалғасуда. Сонымен қатар былтырғы жылдың ақпан айынан бастап Мемлекеттік қызмет істері агентігімен «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі базасында іріктеу мен конкурстық рәсімінің жаңа форматта пилоттық жобасы енгізілді, аталған жоба бойынша мемлекеттік қызметке орналасуға үміткерлер жүйеде төрт заң бойынша заңнаманы білу тестілеуінен 24/7 бойы өтеді. «Е-қызмет» арқылы байқаудың жаңа рәсімі адами фактордың әсерін толығымен жояды. Іріктеуден өту кезінде иесіздендіру және анонимділікті қамтамасыз ету үшін жүйемен үміткерлерге сәйкестендіру нөмірі беріледі. Нәтижесінде пилоттық жобада конкурс жеңімпазы комиссияның шешімімен емес, сәйкесінше барлық кезеңдердің жиынтық қорытындысы бойынша жүйемен автоматты түрде анықталады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын Ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі жол картасына сәйкес «Үздік ауыл әкімі», «Үздік мемлекеттік қызметші» «Үздік сапалы қызмет көрсетуші» республикалық байқауларға ауданымыздың мемлекеттік қызметшілері үнемі қатысады.

Ақтоғай ауданы әкімі аппаратындағы, кент, ауылдық округтер әкімдерінің аппаратындағы, дербес бөлімдердегі мемлекеттік қызметшілердің тарапынан Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік

қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) сақталуы тұрақты бақылауға алынған. Барлық мемлекеттік қызметшілер Әдеп кодексімен жазбаша түрде танысып, қолдары қойылған. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған жәшікпен басшының және оның орынбасарының азаматтарды жеке қабылдау кестесі орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық туралы ақпараттар бойынша «сенім телефонының» үздіксіз жұмыс істеуі ұйымдастырылған. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 34-бабына сәйкес 2026 жылға мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру курсынан өту жоспар-кестелері бекітілді. Жоспар кесте бойынша ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалынан біліктілігін арттыру курсынан өтетін мемлекеттік қызметкерлердің саны 20, қайта даярлау курсынан өтетін мемлекеттік қызметкерлердің саны 14. Жоспарға сәйкес 20 мемлекеттік қызметкерлер біліктілігін арттыру курсынан толығымен оқытылды.

Аудан әкімдігіне қарасты барлық мемлекеттік қызметшілер және олардың жұбайлары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңының 11-бабына сәйкес ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 2025 жылғы кірістері және мүлкі туралы декларацияларын уақытында тапсырды. Ауданда тәртіптік, конкурстық, еңбек өтілін есептеу комиссиялары құрылып, жұмыстары жүргізілуде.

Б.Қ.Әміргасым,
Ақтоғай ауданы әкімі
аппаратының басшысы.

Өңір дамуының тірегі – кәсіби басқарушылар

Қазіргі кезеңде өңірлердің тұрақты дамуы мен тұрғындардың әл-ауқатын арттыру тиімді басқару жүйесіне тікелей байланысты. Осы орайда өңірлік кадр резерві жобасы мемлекеттік басқару саласына жаңа көзқарас әкеліп, кәсіби әрі білікті басшыларды даярлаудың маңызды алаңына айналып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында жүзеге асырылып жатқан реформалардың нәтижелілігі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби даярлығы мен жауапкершілік деңгейіне тікелей байланысты екенін атап өтті.

Өңірлік кадр резерві – жергілікті басқару органдары үшін перспективті мамандарды іріктеп, олардың кәсіби өсуіне жағдай жасауға бағытталған стратегиялық жоба. Оның басты мақсаты – өңірдің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін терең түсінетін, заманауи басқару құралдарын меңгерген және халық

мүддесін басты орынға қоятын жаңа буын басшыларын қалыптастыру.

Жоба аясында үміткерлер бірнеше кезеңнен тұратын ашық әрі әділ іріктеуден өтеді. Бағалау барысында олардың кәсіби тәжірибесі, көшбасшылық қасиеттері, басқарушылық құзыреттері және стратегиялық ойлау қабілеті жан-жақты сараланады. Мұндай тәсіл мемлекеттік қызметте жоғары нәтижеге қол жеткізе алатын мамандарды анықтауға мүмкіндік береді.

Осы жоба барысында 2024 жылы Қарағанды облысында алғаш рет Өңірлік кадр резервін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізілді. Аталған іріктеу «Қарағанды облысының кадр комиссиясы туралы ережеге» сәйкес ұйымдастырылды.

Іріктеу қорытындысы бойынша 25 үміткер Қарағанды облысының өңірлік кадр резервіне қабылданды. Бүгінгі таңда олардың 13-і, яғни 52 %-ы, тиісті жоғары лауазымдарға

тағайындалып, экономика, жер қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс және сәулет секілді әртүрлі салаларда жемісті еңбек етуде.

Бүгінде өңірлік кадр резерві мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғыртудағы маңызды тетіктердің біріне айналып отыр. Бұл бастама кәсіби, жауапты және бәсекеге қабілетті басқарушыларды даярлау арқылы өңірлердің орнықты дамуына серпін бермек.

Алдағы кезеңде жобаны одан әрі жетілдіру, іріктеу рәсімдерінің ашықтығын күшейту және резервшілердің кәсіби әлеуетін дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасады. Бұл өз кезегінде өңірлік басқару сапасын арттырып, мемлекеттік қызметтің тиімділігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Б. Макеев,
Департамент басшысының орынбасары,
Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының
меңгерушісі.

«Аманат» партиясы «Әділет» партиясына қосылды

(Соңы. Басы 1-бетте).

құрылған кезде біз бір қарапайым әрі қағидатты ұстанымды негізге алдық: әділетсіз тұрақты даму болмайды. Әділ ережелер орнаған жерде сенім қалыптасады. Сенім бар жерде инвестиция келеді, кәсіпкерлік дамиды, азаматтық белсенділік артып, қоғамдық бірлік нығаяды, – деді Айбек Дәдебай. Съездегі маңызды шешімдердің бірі – Қазақстанның барлық өңірінде партия филиалдарын құру. Делегаттар тиісті шешімді қолдап, филиалдардың қызмет тәртібін айқындайтын ережені бекітті. Партия Саяси кеңесінің мүшесі Бурихан Нұрмұхамедовтің айтуынша, партияның болашақтағы дамуы өңірлердегі тиімді жұмыс және азаматтармен тұрақты диалогқа тікелей байланысты. – Партияның тағдыры өңірлерде шешіледі. Біздің жұмысымыздың негізгі алаңы да сол жерде. Азаматтардың сенімі де өңірлерде қалыптасады. Адамдар партияны күн сайын нақты істеріне, бастамаларына және нәтижелеріне қарап бағалайды. Сондықтан облыстық филиалдар қоғамдық және саяси өмірдің толыққанды орталығына айналуы

тиіс, – деді Бурихан Нұрмұхамедов. Партия өкілдерінің айтуынша, өңірлік желіні дамыту қоғамдық жұмысқа жаңа көшбасшыларды тартуға және азаматтардың қоғамдық-саяси үдерістерге

автомобиль көлігі колледжінің директоры әрі партия Саяси кеңесінің мүшесі Дмитрий Павленко. Съезд барысында адами капиталды дамыту, білім беру саласы, заманауи технологиялар-



қатысу мүмкіндігін кеңейтуге жол ашады. – Партиялық желінің дамуы азаматтарға мемлекеттік шешімдерді қабылдауға ықпал етіп, азаматтық қоғамды нығайтуға мүмкіндік береді, – деді Қостанай

ды дамыту және азаматтық қоғам институттарын нығайту мәселелері де талқыланды. Съезд жұмысын қорытындылай келе, қатысушылар партия құрамын кеңейту және саяси қызметтің тиімділігін арттыру

арқылы партияның әлеуетін одан әрі күшейту мәселесін қарастырды. Аманат партиясының «Әділет» партиясына қосылуы мәселесі бойынша сөйлеген Айбек Дәдебай қазіргі заманның сын-қатерлері қоғам алдында тұрған нақты міндеттерді шешуге бағытталған сындарлы диалог пен нәтижелі практикалық жұмысты талап ететінін атап өтті. – «АМАНАТ партиясының «ӘДІЛЕТ» партиясына қосылуы – тар партиялық мүддеден жоғары тұрған, ұлттық жауапкершілікке негізделген парасатты шешім. Бұл – Қазақстан қоғамының ел мүддесі үшін біріге алатындығымыздың нақты дәлелі. Қоғам мен мемлекет алдындағы және келер ұрпақ алдындағы жауапкершіліктен туындаған, елдік берекеге ба-стайтын байлам», – деді партия төрағасы Айбек Дәдебай. Талқылау қорытындысы бойынша делегаттар Аманат партиясының «Әділет» партиясына қосылуы туралы шешімді қолдады. Тиісті шешім ІІ Съездің қаулысына енгізілді.

Материалды әзірлеген
Аида РАХЫМҚҰЛОВА.
Материалдар «Ortalyq
Qazaqstan» сайтынан алынды.

** Халыққа қызмет – адал міндет*

Әке аманатын ардақтаған азаматша

Туған жердің топырағына кіндік қаны тамып, сол өлкенің гүлденуіне саналы ғұмырын арнау – үлкен бақыт әрі зор жауапкершілік. Ал елдің сеніміне ие болып, халықтың алғысын арқалау – ұзақ жылғы адал еңбектің жемісі. Осындай туған жерінің өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген азаматтардың бірі – Шабанбай би ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Қапашова Мейрамгүл Құдайбергенқызы.

Мейрамгүл Құдайбергенқызының өмір жолы – туған жерге деген сүйіспеншіліктің, еңбекқорлықтың және елге адал қызмет етудің жарқын үлгісі. Оның жалпы еңбек өтілі – 27 жыл. Ал 2005 жылдан бері мемлекеттік қызмет саласында абыройлы еңбек етіп келеді. Осы жылдар ішінде ол ауылдық округтің тыныс-тіршілігіне белсене араласып, тұрғындардың мұң-мұқтажына құлақ асып, халық пен биліктің арасындағы алтын көпірге айналған білікті маман ретінде танылды. Мемлекеттік қызмет – үлкен жауапкершілік. Бұл қызметте әр адамның тағдырына бейжай қарамай, елдің аманатына адал болу қажет. Осындай қасиеттер Мейрамгүл Құдайбергенқызының бойына бала күнінен сіңген. Өйткені ол халыққа қызмет етудің қадір-қасиетін өз әкесінен көріп өсті.

Әкесі, марқұм Қапашев Құдайберген туған елінің қадірлі азаматы болды. Қырық жылға жуық ауылдық кеңестің төрағасы, халық арасында «селсовет» аталып кеткен жауапты қызметті абыроймен атқарып, елдің ықыласы мен құрметіне бөленді. Қандай кезеңде болмасын ауыл тұрғындарының мәселесіне бейжай қарамай, елдің бірлігі мен берекесін ойлап, халықтың қамын жеген азамат ретінде ел есінде қалды. «Әке көрген оқ жо-нар» дейді халқымыз. Мейрамгүл Құдайбергенқызы әкесінің бойындағы қарапайымдылықты, әділдікті, еңбекқорлықты және туған жерге деген адалдықты өнеге тұтып өсті. Сондықтан да мемлекеттік қызметке келген күннен бастап, әке жолын жалғап, елге қызмет етуді өзінің өмірлік мұратына айналдырды. Бүгінде ауыл тұрғындары оны өз ісінің нағыз білгірі деп біледі. Қандай мәселе болмасын мұқият тыңдап, заң аясында шешімін табуға күш салады. Еңбектеген баладан еңкейген қарияға дейін оның көмегіне жүгініп, ақыл-кеңесін алады. Әр жұмысына жауапкершілікпен қарап, «Туған жерімнің гүлденуіне қосқан үлесім болсын» деген ниетпен еңбек етеді.

Осы жылдардағы қажырлы еңбегі жоғары бағаланып келеді. Ол Ақтоғай ауданы әкімінің Алғыс хаттары мен Құрмет

грамоталарының, Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хаты мен Құрмет грамотасының, «АМАНАТ» партиясының Алғыс хаттарының, Қарағанды облыстық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының және Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының Алғыс хаттарының иегері. Бұл марапаттардың бәрі – ұзақ жылғы адал қызметтің, кәсіби шеберліктің және халықтың сенімінің жемісі.

Қызмет жолында талай жауапты науқандарға белсене қатысып, сайлау науқандарын ұйымдастыру барысында да өзінің іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетін көрсете білді. Әріптестері оны өткір мінезімен, іскерлігімен, адамдармен тез тіл табыса білетін қасиетімен ерекше бағалайды. Алайда Мейрамгүл Құдайбергенқызы үшін ең үлкен жетістік қызметтегі табыспен ғана өлшенбейді. Оның өміріндегі ең үлкен байлығы – отбасы. Жолдасы Кенжетай Жұмабековпен бірге өнегелі, көпбалалы отбасының шаңырағын көтеріп отырған аяулы ана. Ерлі-зайыптылар балаларын адал еңбекке, адамгершілікке, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға тәрбиелеп келеді. Ұрпақтарының бойына туған жерге деген сүйіспеншілікті, елге қызмет етудің қадірін сіңіріп өсіруді басты парыз санайды. Әйел бақыты – жақсы жар,



аяулы ана, елге сыйлы азамат болу десек, Мейрамгүл Құдайбергенқызы осы қасиеттердің барлығын бойына тоғыстыра білген жан. Ол өз кәсібіне адал маман ғана емес, шаңырағының шырайын кіргізіп отырған ардақты ана, ұрпағына өнеге болатын аяулы жан. Отыз жылға жуық еңбек жолында туған жерінің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып келе жатқан Мейрамгүл Құдайбергенқызы үшін мемлекеттік қызмет – жай ғана жұмыс емес, халық алдындағы қасиетті борыш. Әкесінің қырық жылдық елге қызмет еткен өнегелі жолы бүгінде қызының адал еңбегімен жалғасып келеді. Бір әулеттің екі буыны туған жердің дамуына үлес қосып, халықтың алғысына бөленуі – үлкен мәртебе әрі кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өнеге.

Г.Елеусізова,
Шабанбай би ауылдық округі.

Заң мен тәртіп жолындағы саналы зұмыр



Қоғамдағы тыныштық пен қауіпсіздікті сақтау – үлкен жауапкершілікті, батылдық пен адалдықты талап ететін абыройлы міндет. Осындай жауапты жолда өз өмірін ел игілігіне арнап, құқық қорғау саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан азаматтардың бірі – Айбол Ерғалыұлы.

Айбол Ерғалыұлы ішкі істер органдарындағы еңбек жолын 2006 жылы Ақтоғай аудандық полиция бөлімінің тергеушісі қызметінен бастады. Қызметтің қиындығы мен жауапкершілігін ерте түсінген жас маман өзіне жүктелген әрбір міндетті кәсіби шеберлікпен әрі үлкен

жауапкершілікпен атқарып, әріптестерінің сенімі мен басшылықтың құрметіне ие болды.

Қызмет барысында түрлі лауазымдарда еңбек етіп, мол тәжірибе жинақтаған ол ұйымдастырушылық қабілетімен, әділдігімен және талапшылдығымен ерекшеленді. 2016-2018 жылдары Ақтоғай аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы қызметін атқарып, қоғамдық тәртіпті нығайтуға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және халықпен тиімді байланыс орнатуға елеулі үлес қосты.

Қатардағы қызметкерден полиция подполковнигі шеніне дейінгі еңбек жолы – табандылықтың, кәсіби біліктіліктің және Отан алдындағы адал қызметтің айқын көрінісі. 2019 жылдан бастап Қарағанды облысы полиция департаментінің Ақтоғай аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары қызметін абыроймен атқарып келеді.

Айбол Ерғалыұлы үшін полиция қызметі – жай ғана мамандық емес, ел алдындағы қасиетті борыш. Ол аудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заңдылық пен құқықтық тәртіпті сақтау бағытында аянбай еңбек етіп келеді. Қоғам тыныштығын күзетуде, қылмыстың алдын алуда, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда өзінің кәсіби тәжірибесі мен іскерлігін тиімді пайдаланып келеді.

Сонымен қатар, ол жеке құрам арасында тәртіп пен ұйымшылдықты қалыптастыруға, жас қызметкерлерді тәрбиелеуге, олардың кәсіби деңгейін арттыруға ерекше көңіл

бөледі. Басшы ретінде қарамағындағы әрбір қызметкердің мәселесіне бейжай қарамай, ұжымда өзара сыйластық пен жауапкершілік қағидаттарының орнығуына ықпал етіп келеді.

Айбол Ерғалыұлының көп жылғы адал еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып келеді. Ол Ішкі істер министрлігі мен Қарағанды облысы полиция департаментінің көптеген марапаттарына ие болған. Атап айтқанда, I, II және III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалдары, «Құқық тәртібін қамтамасыз етуде үздік шыққаны үшін», «ІІМ үздік қызметі үшін», «Қазақстан полициясына 20 жыл» төсбелгілері және басқа да көптеген марапаттар оның кәсіби қызметінің лайықты бағасы болып табылады.

Қандай марапат болмасын, оның басты жетістігі – халықтың сенімі мен әріптестерінің құрметі. Өйткені заңға адал қызмет етіп, ел тыныштығы үшін еңбек ету – нағыз азаматқа тән қасиет.

Бүгінде Айбол Ерғалыұлы өзінің мол тәжірибесімен кейінгі буынға үлгі болып, антқа адалдықтың, тәртіп пен жауапкершіліктің жарқын өнегесін көрсетіп келеді. Ел қауіпсіздігі жолындағы еселі еңбегі мен азаматтық ұстанымы оның өмірлік мұратының айқын дәлелі десек, артық айтқандық емес.

Заң үстемдігі мен қоғам тыныштығын сақтауды өмірлік ұстанымына айналдырған Айбол Ерғалыұлы сияқты азаматтардың еңбегі қашанда құрметке лайық. Өйткені елдің тыныштығы – ең қымбат құндылық, ал сол тыныштықты күзетіп жүрген азаматтар – халықтың қорғаны.

Заң мен тәртіп күзетіндегі сақшы



«Заң мен тәртіп – әділетті Қазақстанның басты қағидаты». Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында құқық қорғау органдарының қоғамдағы орны мен жауапкершілігіне ерекше тоқталып келеді. Президенттің айтуынша, халықтың қауіпсіздігі мен тыныштығын қамтамасыз ету – мемлекеттің ең маңызды міндеттерінің бірі. Тәртіп сақшыларының қызметі оңай емес. Күні-түні жұмыс істейтін кездер жиі болады. Қауіп-қатер де бар. Тәулік бойы, яғни 24 сағат бойы сақадай сай болу үшін ерекше қажыр-қайрат пен төзімділік қажет. Себебі қиын жағдайға тап болған жандар, ең алдымен, полициядан көмек күтеді. Азаматтарымыз мемлекеттің, яғни биліктің өкілі ретінде қарайды. Қауіп-

қатерден қорғайды деп сенеді. Сондықтан тәртіп сақшыларына әрдайым орасан зор жауапкершілік жүктеледі. Бұл міндетті абыроймен атқарып жүрген азаматтардың қатарында Ақтоғай аудандық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы Дағилов Нұрлат Бағдатұлы да бар. Нұрлат Бағдатұлы 1991 жылдың 20 шілдесінде Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы

Сарытерек ауылдық округінде дүниеге келген. Туған жердің тәрбиесін көріп, адал еңбек пен адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп өскен ол бала кезінен тәртіп пен жауапкершілікті өмірлік ұстанымына айналдырды.

Білім жолын Сарытерек ауылындағы Ж.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектептен бастап, 2009 жылы мектепті тәмамдаған соң Семей қаласындағы заң колледжіне оқуға түседі. Колледжді ойдағыдай аяқтап, лейтенант шенін алады. Бұл оның құқық қорғау саласындағы алғашқы үлкен қадамы болды.

Қызмет жолын 2011 жылы Ақтоғай аудандық полиция бөлімінің Сарышаған кентіндегі учаскелік полиция инспекторы көмекшісі қызметінен бастаған

жас маман еңбекқорлығы мен кәсіби қабілетінің арқасында әріптестерінің құрметіне бөленді. Қызметпен қатар білімін жетілдіруді де ұмытпай, Қарағанды қаласындағы Барымбек Бейсенов атындағы заң академиясында сырттай білім алып, жоғары заңгер мамандығын меңгерді.

2015 жылы аудандық полиция бөлімінің инспекторы қызметіне тағайындалса, 2019 жылы аға инспектор дәрежесіне көтерілді. Ал 2022 жылдың ақпан айынан бастап Ақтоғай аудандық полиция бөлімінің Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы қызметін абыроймен атқарып келеді.

Полиция қызметі – батылдық пен табандылықты, сабыр мен парасатты талап ететін мамандық. Бұл қызметте уақытпен санаспай еңбек ету, ел тыныштығы үшін күндіз-түні қызмет атқару қалыпты жағдай. Нұрлат Бағдатұлы да қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында аянбай еңбек етіп келеді.

Жергілікті полиция қызметінің басты міндеті – халықпен тығыз байланыста жұмыс істеу. Ауыл-аймақтың тыныштығын сақтау, жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу сынды маңызды жұмыстардың барлығы

оның күнделікті қызметінің бір бөлігі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Заң мен тәртіп қоғамның негізгі құндылығына айналуға тиіс», – деп атап өткен болатын. Бұл қағиданы жүзеге асыруда полиция қызметкерлерінің еңбегі ерекше. Олар халықтың қауіпсіздігі үшін өз өмірін қатерге тігіп, мемлекет алдындағы қасиетті борышын адал атқарып келеді.

Нұрлат Бағдатұлы қызметте ғана емес, отбасында да үлгілі жан. Отбасылы, аяулы жар, ардақты әке. Жұбайы Үмітбек Шолпан Тимурқызы білім саласында еңбек етіп, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде. Екі баланы тәрбиелеп отырған өнегелі отбасы үшін адалдық, еңбекқорлық пен елге қызмет ету – басты құндылықтар.

Туған жердің перзенті ретінде Нұрлат Бағдатұлы өз қызметін үлкен жауапкершілікпен атқарып, ел сенімін ақтап келеді. Оның еңбек жолы – жастарға үлгі, қоғамға қызмет етудің жарқын көрінісі.

Полиция қызметкерлері күні қарсаңында ел тыныштығы үшін аянбай еңбек етіп жүрген барлық тәртіп сақшыларына зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларына амандық тілейміз. Ел іргесі тыныш, мемлекетіміздің мерейі үстем болып, құқық қорғау саласының беделі әрдайым биік болсын!

**Арнайы бетті дайындаған
Гүлнар Метайқызы,
«Алтын сұңқар» «сыйлығының»
иегері.**

Халық сенімін арқалаған



Халық сенімін арқалаған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында: «Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын толық жүзеге асыру үшін мемлекеттік қызметші ең алдымен елдің мұң-мұқтажына бейжай қарамайтын, кәсіби әрі жауапты азамат болуы керек» деп атап өткен болатын. Бұл – бүгінгі мемлекеттік қызметкердің басты ұстанымы. Халық пен биліктің арасындағы алтын

көпірге айналған мемлекеттік қызметшілердің еңбегі елдің дамуына, қоғамның тұрақтылығына және тұрғындардың әл-ауқатының артуына қызмет етеді.

Осындай ел сенімін ақтап, көпшілік алғысына бөленіп жүрген жандардың бірі – Сарышаған кенті әкімі аппаратының бас маманы Гүлмира Несіпбекқызы Құлмағанбетова.

Гүлмира Несіпбекқызы Ақтоғай ауданының Сарышаған кентінде дүниеге келген. Туған жердің топырағында өсіп, туған елдің тыныс-тіршілігін жастайынан бойына сіңірген ол өмір жолын халыққа қызмет етуге арнады.

1999 жылы Қарағанды политехникалық университетін тәмамдап, «Қолданбалы экология» мамандығы бойынша инженер-эколог біліктілігін алды. Еңбек жолын медицина саласында бастап, кейін өндіріс орындарында, қоршаған ортаны қорғау саласында қызмет атқарды. Әсіресе, Қарағанды облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасындағы он жылдан астам қызметі оның кәсіби тәжірибесін шыңдап, жауапкершілігін арттырды.

2013 жылдан бастап туған өлкесі – Сарышаған кентінің әкімі аппаратында еңбек етіп келеді. Алғашында бас маманның міндетін атқарушы болып қабылданған ол, бүгінде өз ісінің білікті маманы ретінде елдің ықыласына бөленіп отыр. Мемлекеттік қызметтегі сегіз жылдық тәжірибесінде халықтың сеніміне ие болып, әріптестерінің құрметіне бөленді. Мемлекеттік қызметтің жүгі жеңіл емес. Әсіресе, бес мыңға жуық тұрғыны бар кентте тұрғындардың күнделікті мәселелері әр алуан. Бірі тұрғын үй мәселесімен келсе, бірі жер қатынастары бойынша кеңес сұрайды, енді бірі әлеуметтік көмек, құжат рәсімдеу немесе тұрмыстық түйткілдерін айтып келеді. Осындай сәттерде Гүлмира Несіпбекқызы ешқашан «Бұл менің міндетім емес» деп сырт айналып кеткен емес. Қайта келген азаматтың мәселесіне түсіністікпен қарап, дұрыс бағыт-бағдар беруге, тиісті мамандармен байланыс орнатуға әрдайым дайын тұрады.

Мемлекеттік қызметтің басты қағидасы – халыққа қызмет ету болса, Гүлмираның еңбек жолынан осы ұстанымды анық көруге болады. Оның қарапайымдылығы, сабырлылығы, адамдармен тез тіл табыса білу қасиеті тұрғындардың ризашылығын тудырып келеді. Әр адамның көңіл күйін түсініп, әр мәселеге байыппен қарау – оның басты ерекшеліктерінің бірі. Қызметтегі жауапкершілікпен қатар, Гүлмира Несіпбекқызы отбасында аяулы жар, ардақты ана. Төрт баланы тәрбиелеп отырған үлгілі отбасының ұйытқысы. Кеңседе жауапты мемлекеттік қызметкер болса, үйінде бала тәрбиесіне көңіл бөлетін мейірімді ана. Қызмет пен отбасы жауапкершілігін қатар алып жүру – үлкен қажыр-қайрат пен төзімділікті талап етеді. Бұл тұрғыда оның өмір жолы көпшілікке өнеге бола алады.

«Әділетті Қазақстанды бірге құрамыз» деген қағиданы жүзеге асыруда әрбір мемлекеттік қызметкердің үлесі зор. Мемлекет басшысы мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен тиімділігі халықтың әл-ауқатына тікелей әсер ететінін үнемі айтып келеді. Осы міндеттердің орындалуына Сарышаған кентіндегі мемлекеттік қызметшілер де өз үлестерін қосып келеді. Солардың алдыңғы қатарында Гүлмира Несіпбекқызының еңбегі ерекше бағалауға лайық.

Оның көп жылғы адал еңбегі елеусіз қалған жоқ. Әр жылдары аудан әкімінің Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарына, сондай-ақ облыс әкімінің Құрмет грамоталарына ие болды. Бұл марапаттар – атқарылған еңбектің лайықты бағасы әрі халық сенімінің көрінісі.

Мемлекеттік қызмет – жай ғана жұмыс емес, ол – елге қызмет етудің, халықтың аманатына адал болудың үлкен мектебі. Сол жауапты жолда табандылық танытып, туған өлкесінің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып жүрген Гүлмира Несіпбекқызы Құлмағанбетова сияқты азаматтардың еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Саршыған кенті.

Арнайы бетті дайындаған Айбын Жаманхан.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай айтқандай, ұстаздық – адамға білім ғана емес, өмірлік тәрбие мен үлкен жауапкершілікті үйрететін қасиетті мамандық. Ал мемлекеттік қызмет – халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, елдің игілігі жолында адал еңбек етуді талап ететін абыройлы сала. Осы екі жауапты қызметтің де жүгін абыроймен

Ұстаздықтан мемлекеттік қызметке: халыққа қызмет етудің тағылымды жолы

арқалап, саналы ғұмырын туған жерінің өркендеуіне арнап жүрген жандардың бірі – Несіпбаева Айнұр Есентаевна. Бүгінгі таңда елімізде мемлекеттік қызметтің мәртебесін арттыруға ерекше көңіл бөлініп келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік қызметшілердің басты міндеті – халыққа адал қызмет ету екенін үнемі айтып келеді. Мемлекет басшысы: «Мемлекеттік қызметші ең алдымен елдің мүддесін бәрінен биік қоюы тиіс» деп атап өткен болатын. Бұл қағида халықтың сеніміне ие болған әрбір мемлекеттік қызметкердің басты ұстанымы болуы тиіс. Осындай қағиданы өмірлік мұратына айналдырған Айнұр Есентаевна еңбек жолын ұстаздықтан бастады. Негізгі мамандығы – бастауыш сынып мұғалімі. Бала тәрбиесі – қоғамның болашағын тәрбиелеу екендігін терең түсінген ол ұстаздық қызметте сегіз жыл еңбек етіп, талай шәкірттің білім алып, өмірден өз орнын табуына үлес қосты. Ұстаздық – тек білім беру емес, адамның бойына мейірім мен жауапкершілік, сабыр мен ізгілікті қалыптастыратын үлкен өмір мектебі. Баланың мінезін танып, әрқайсысына жол табу, ата-анамен тілдесу, қоғаммен тығыз байланыста жұмыс істеу – осының бәрі ұстазға қажетті қасиеттер. Кейін мемлекеттік қызметке келгенде дәл осы тәжірибе Айнұр Есентаевнаның кәсіби қалыптасуына үлкен ықпал етті.

2005 жылдан бастап ол мемлекеттік қызмет саласында еңбек етіп келеді. Быыл бұл жауапты саладағы еңбек өтілі 21 жылға толып отыр. Осы уақыт ішінде өз ісіне адалдық танытып, қызметтің барлық қыр-сырын меңгерген тәжірибелі маман ретінде қалыптасты. Қазіргі таңда ауылдық округ әкімінің аппаратында бас маман қызметін атқарады. Ауылдың тыныс-тіршілігі, тұрғындардың талап-тілегі, әлеуметтік мәселелер, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы, құжаттардың сапалы жүргізілуі – осының бәрі күнделікті жауапкершілікті талап етеді. Халықпен жұмыс істеу үлкен сабырлықты, заңды жетік білуді және кез келген мәселенің шешімін таба білуді қажет етеді. Ауыл тұрғындарының өтініштері мен ұсыныстарына бейжай қарамай, олардың мәселелерін заң аясында шешуге атсалысып жүрген Айнұр Есентаевна әріптестері арасында жан-жақты білімді, біліктілігі толыққан, жауапкершілігі жоғары маман ретінде құрметке ие. Қай қызметтің де өз қиындығы болады. Дегенмен ұстаздық жолда шыңдалған еңбекқорлық, адамгершілік пен жауапкершілік қасиеттері мемлекеттік қызметте де оның сенімді серігіне айналды. Сондықтан болар, әріптестері оның байсалдылығын, адамдармен тез тіл

табыса білетіндігін және қандай тапсырма берілсе де, оны уақытылы әрі сапалы орындауға ұмтылатынын ерекше бағалайды. Ұзақ жылғы адал еңбегі елеусіз қалған емес. Қызметтегі жетістіктері үшін аудан әкімінің Алғыс хатымен және Құрмет грамотасымен марапатталды. Ал 2022 жылы кәсіподақ ұйымының «Еңбек даңқы» III дәрежелі төсбелгісіне ие болуы



– оның көп жылғы қажырлы еңбегі мен кәсіби біліктілігіне берілген жоғары баға. Қазақ халқында «Еңбек түбі – береке» деген нақыл сөз бар. Шын мәнінде, ел игілігі жолында аянбай еңбек еткен адамның еңбегі әрдайым құрметке лайық.

Қызметтегі табыстарымен қатар, ол – өнегелі отбасының ұйытқысы. Аяулы жар, төрт баланың ардақты анасы, екі немеренің сүйікті әжесі. Қызмет пен отбасы тіршілігін қатар алып жүру оңай емес. Алайда ол бұл міндеттердің бәрін үйлестіріп, ұрпағына еңбекқорлықтың, адалдықтың, үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсетудің үлгісін танытып келеді. «Отан – отбасынан басталады» деген қағиданы берік ұстанған Айнұр Есентаевна үшін ең үлкен байлық – отбасының амандығы мен бала тәрбиесі. Балаларына адал еңбек етудің, туған жерді сүюдің және елге қызмет етудің мәнін ұғындырып келеді. Өткенге көз салсақ, ұстаздық пен мемлекеттік қызметтің ортақ қасиеті – халыққа қызмет ету. Бірінде жас ұрпақтың болашағына жол ашылса, екіншісінде елдің әл-ауқатын жақсартуға үлес қосылады. Осы екі саланың жауапкершілігін абыроймен арқалап келе жатқан Айнұр Есентаеваның еңбек жолы – табандылықтың, кәсібиліктің және елге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатын қоғамның басты құндылығы ретінде айқындап берді. Бұл қағидат Несіпбаева Айнұр Есентаеваның да өмірлік ұстанымымен үндесіп жатқандай. Өйткені қай салада еңбек етсе де, ол өзіне жүктелген міндетті адал атқарып, халықтың алғысына бөленіп келеді. Ұстаздықтан мемлекеттік қызметке ұласқан тағылымды жолында жинаған мол тәжірибесі, кәсіби біліктілігі, азаматтық болмысы мен адамгершілік қасиеттері Несіпбаева Айнұр Есентаеваны ел құрметіне бөленген, көпшілікке үлгі боларлық тұлғалардың қатарына қосады. Оның халық игілігі жолындағы еңбегі туған өлкесінің дамуына қосылған қомақты үлес болып қала бермек.

Шабанбай би ауылдық округі.

Аймақта биыл 1,23 миллион гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдары егілді

Облыс әкімі Ермаганбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат кеңесі биылғы ауыл шаруашылығы маусымының беталысын айқындап берді. Көктемгі егіс науқанының қорытындылары шығарылып, алдағы жаздың ба-

шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс көлемі 1,2 миллион гектардан асты. Бұл өткен жылмен салыстырғанда шамамен 50 мың гектарға көп. Астық, майлы және мал азықтық дақылдардың егіс алқаптары ұлғайтылды, – деді



сты сынақтары сараланды. Егіс алқаптарының жағдайы, шегірткеге қарсы жүргізіліп жатқан ауқымды фитосанитарлық науқан және алдағы аптап ыстыққа қатысты болжамдар кеңестің негізгі өзекті тақырыптарынан. Биылғы маусым әзірге үміт ұялатқанымен, ылғал тапшылығы, зиянкестер қаупі мен ауа райының құбылмалы мінезі аграршыларды сақтық етуге үндейтіндей.

ол. Қазіргі уақытта егістіктің басым бөлігі көктеу кезеңіне өтті. Дәнді дақылдардың 62 пайызының жағдайы жақсы, қалған 38 пайызы қанағаттанарлық деп бағалануда. Дегенмен, бірқатар аудандарда ылғал тапшылығы байқала бастаған. Вегетациялық даму қарқыны баяулаған. Аудандардағы егістіктің жалпы жағдайы тұрақты деп бағаланғанымен, шаруалар



Өңір диқандары үшін ендігі күрес егісті сақтап қалып, болашақ өнімнің негізін бекемдеуге бағытталмақ. Суреттер облыс әкімдігінен Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысы Әнуэр Төлебековтың ұсынған мәліметінше, көктемгі дала жұмыстары агротехникалық талаптарға сай мерзімде толық аяқталған. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдары 1,23 миллион гектар алқапқа егілген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 49,5 мың гектарға артық. Өсім негізінен дәнді және майлы дақылдар, сондай-ақ, мал азықтық дақылдар есебінен қамтамасыз етілді. Тұқым сапасы да ерекше назар аударуға тұрарлық: дәнді дақылдар егісінің 90 пайызы жоғары репродукциялы тұқымдармен себілген. Картоп шаруашылығында да сапалы тұқымдық үлесі жоғары деңгейде сақталуда. – Биыл ауыл

өнімділікке қатысты нақты болжамдарды өсімдіктердің негізгі даму кезеңдері аяқталғаннан кейін ғана айтуға болатынын атап өтті. Иә, егіс науқанының уақытылы аяқталуына үш негізгі фактор әсер еткен: мемлекеттік қолдау шаралары, шаруашылықтардың техникалық дайындығы және арзандатылған дизель отынымен қамтамасыз етілуі. Келелі кеңесте қанатты жау шегіртке зиянкестеріне қарсы күрес жұмыстарының барысы да егжей-тегжейлі қарастырылды. 2026 жылы Қарағанды облысында үйірлі шегірткеге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары 80,1 мың гектар аумақта жүргізіледі деп жоспарланған. Зиянкестердің таралуын бақылау үшін жалпы көлемі 1,264 миллион гектар аумақта көктемгі-жазғы фитосанитарлық зерттеулер ұйымдастырылды. Атаулы жұмыстарға 130 фитосанитар

маман жұмылдырылған. Жиын өткен сәттегі мәлімет бойынша, 34,97 мың гектар жер өңделіп үлгерген. Бұл жоспарланған көлемнің 43,7 пайызына тең. Өңдеу жұмыстары үш түрлі техника арқылы жүргізілуде: жерүсті бүріккіштері 19,1 мың гектарды, аэрозольдік генераторлар 1,7 мың гектарды, ал аса жеңіл авиация 14,2 мың гектарды қамтыған. Жалпы, фитосанитарлық іс-шараларға 178 маман мен 114 техника бірлігі жұмылдырылды. Белгілі болғандай пестицид қоры жеткілікті. Су ресурстары мен арнайы техниканың толық дайын. Өңірдегі фитосанитарлық жағдай тұрақты бақылауда тұр. Жұмылдырылған күш пен құрал-

да ауа температурасы қалыпты көрсеткіштен 1-2 градус жоғары болып, жауын-шашын тапшылығы байқалады деп күтілуде. Бұл астықтың толысу кезеңінде тәуекелдердің артуына себеп болуы мүмкін. Кеңесте алдағы кезеңнің маңызды міндеттерінің бірі ретінде мал азығы қорын қалыптастыру мәселесі де көтерілді. Алдын ала есеп бойынша өңірге шамамен 2 миллион тонна шөп қажет болады. Сонымен қатар, қажетті көлемде пішендеме, сүрлем және сабан дайындалуы тиіс. Өткен маусымнан қалған қорлар бар болғанымен, олар жалпы қажеттіліктің тек бір бөлігін ғана өтейді. Осыған байланысты, биыл мал азықтық



жарақ ауқымына қарағанда, облыс билігі егістік алқаптарын қорғауға жан-жақты әзір. – Зиянкестер ошақтарын анықтау үшін тұрақты мониторинг жүргізілуде. Жұмыстар жерүсті бүріккіштері, аэрозольдік генераторлар және аса жеңіл авиацияның көмегімен атқарылып жатыр, – деді Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциясы басшысы Жаноос Ешмұханов. Алда – аптап: синоптиктер қандай болжам жасап отыр? Өндірістік есептермен қатар метеорологиялық болжам да маңызды екені аян. Алдағы күндері Қарағанды облысында ауа райы құбылмалы әрі қарама-қайшы сипатта өрбінетіндей. Мәселен, түнгі ауа температурасы +13...+18°C, күндіз +25...+30°C, ал, оңтүстік аудандарда +33°C-қа дейін көтеріледі. Желдің жылдамдығы секундына 9-14 метрді құрап, екпіні 20 метрге дейін жетуі ықтимал. Мұндай жағдайда авиация арқылы химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу қиындайды. 19-20 маусымда ауа райы күрт өзгереді. Жауын-шашын тоқтап, күндізгі температура +33...+38°C-қа дейін көтеріледі. Облыстың оңтүстігінде аптап ыстық +41°C-қа жетуі ықтимал. Маусымның үшінші онкүндігінде жағдай одан әрі күрделеніп, кейбір өңірлерде ауа температурасы +42°C-қа дейін көтеріледі деп болжануда. Шілде айына арналған маусымдық болжам салыстырмалы түрде тұрақты: температура мен жауын-шашын мөлшері көпжылдық нормаға жуық болады. Алайда, тамыз айын-

дақылдардың егіс көлемі ұлғайтылды. Суармалы жерлерді кеңейту жұмыстары жалғасуда. Қосымша 6,2 мың гектар суармалы алқапты ауыл шаруашылығы айналымына енгізу межесінен отыр. Шөп шабу және жем-шөп дайындау техникалары толық дайын күйге келтірілген. Сонымен қатар, мемлекеттік шабындық жерлерді халық пен шаруа қожалықтарына беру мәселесі де қоса пысықталуда. Қарағанды облысы жаз мезгіліне қомақты егіс көлемімен және күшейтілген фитосанитарлық қорғаныс жүйесімен қадам басты. Егіс көктеп шықты, шаруашылықтар мемлекеттік қолдауға ие болды, техника мен химиялық препараттар жеткілікті. Кеңес қорытындысы бойынша Ермаганбет Бөлекпаев егін жинау және жемшөп дайындау науқандарына сапалы дайындықты қамтамасыз етуді, техниканы және жанар-жағармай қорларын уақытылы әзірлеуді, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарын зиянкестер мен аурулардан қорғау жұмыстарын күшейтуді тапсырды. – Барлық жұмыстар белгіленген мерзімде және тиісті ұйымдастыру деңгейінде орындалуы тиіс. Жазғы ауыл шаруашылығы маусымының тұрақты өтуін қамтамасыз ету қажет. Бұл мәселе тұрақты бақылауда болуы керек, – деп атап өтті облыс әкімі.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ.
Материал «Ortalyq Qazaqstan»
сайтынан алынды.



Жыр сәулесін жүрегіне ұялатқан жас дарын

Мұхтар Шаханов поэзиясы – ұлттық сана мен рухани құндылықтарды дәріптейтін, адамды ар-ұят пен жауапкершілікке тәрбиелейтін поэзия. Оның шығармалары бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтпай, жас ұрпаққа өнеге болып келеді. Қазақ поэзиясының мұзбалағы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаев шығармашылығын насихаттап, жас ұрпақтың әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын республикалық «Мұқағали оқулары» – талантты жастардың шығармашылық қабілетін шыңдайтын маңызды рухани байқаулардың бірі.

Байқаудың басты мақсаты – оқушыларды қазақ поэзиясының інжу-маржандарымен сусындатып, ақын мұрасын кеңінен дәріптеу, көркем сөз өнерін дамыту және жас таланттардың шығармашылық әлеуетін қолдау.

Осы мәртебелі додада Ж.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің оқушысы Төлеутайұлы Мерғазы үлкен жетістікке жетіп, «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды» номинациясы бойынша Республикалық Мұқағали оқуларында арнайы жүлдеге ие болды.



Бұл – Мерғазының әдебиетке деген сүйіспеншілігі мен шығармашылық ізденісінің, сондай-ақ ұстазының тынымсыз еңбегінің

жемісі. Жас дарынның бойындағы өнерге деген құштарлық пен сахна мәдениеті көрермендер мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Шәкірттің шығармашылық жолында бағыт-бағдар беріп, оның талантын шыңдауға үлес қосқан жетекшісі Гүлбадан Дағилова еңбегі де ерекше. Ұстаз бен шәкірттің үйлесімді еңбегі осындай жарқын жеңістерге жол ашып келеді.

Бұл жетістік – тек бір оқушының ғана емес, Ж.Кеңесбаев мектебінің, ұстаздар қауымының және ауданымыздың абыройын асқақтататын қуанышты жаңалық. Жас таланттың алдағы уақытта да биік белестерді бағындырып, қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуына өз үлесін қосарына сенім мол.

Төлеутайұлы Мерғазыны және жетекшісін айтулы жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз! Шығармашылық шабыттарыңыз тасып, жыр әлеміндегі жарқын жетістіктеріңіз көбейе берсін! Жас дарынның қанаты қатайып, ел мақтанышына айналуына тілектеспіз.

А. Жаманхан,
Сарытерек ауылы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Балқаш жібек жолы» ЖШС Қарағанды облысы Ақтоғай ауданындағы Солтүстік Бала-Дересин кен орнының №1 учаскесінде құм-киыршық тас қоспасын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына «Балқаш жібек жолы» ЖШС үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінімге материалдар бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды (түзету)».

Құжаттар пакеті: Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (КОКБ), Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері (РШН), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚШЖ).

Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін с.о., Ортадересін ауылы.

Өнеркәсіптік алаңның географиялық координаттары: 1) 46°49'50,81"с.е. 75°09'47,46" ш.б; 2) 46°49'50,81"с.е. 75°09'54,72"ш.б; 3) 46°49'23,39"с.е. 75°09'54,72" ш.б; 4) 46°49'08,73"С 75° 09'33,33" ш.б; 5) 46°49'08,73"С 75° 09'05,29" ш.б; 6) 46°49'13,63" с.е. 75° 09'05,29" ш.б; 7) 46°49'13,63" с.е. 75° 09'30,59" ш.б; 8) 46°49'25,07"с.е. 75° 09'47,46" ш.б

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 31 шілдеде сағат 11:00-де, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін с.о., Ортадересін ауылы, Жәутіков көшесі 20. Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRlRlFjZkdzOj9&omn=89853639720>

Конференция идентификаторы: 346 745 3931 Құпия код: YGC0Ki

Тапсырыс берушінің реквизиттері: «Балқаш жібек жолы» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Амангелді көшесі, 29 үй Тел: 8 (71036)-4-87-74, эл.пошта: balkhash.zhbek@bk.ru БСН 030340004078, Директор – Тусупбеков М.И.

Әзірлеушінің реквизиттері: ЖК "ПроЭкоКонсалт", ҚР, Қарағанды қ., Н.Назарбаев к, 4-үй, (BULVAR БО), 104-оф, өкілі: Обжорина Т.Н., Байланыс телефондары: тел.8 (776) 526-31-31, электрондық поштасы: tanya_ob80@mail.ru (Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге Мемлекеттік лицензия №02568Р, 2025 жылғы «26» мамырда Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетімен берілген)

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda_tabigat/search/1?contentType=&searchText=общественные+лушания&slug=karaganda-tabigat&lang=ru «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: tanya_ob80@mail.ru

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Қарағанды облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Қарағанды облысы, Қарағанды қ, Лободы көшесі 20, тел. +7 (7212) 56-41-27, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Балқаш жібек жолы» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы по материалам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие для ТОО «Балқаш жібек жолы» к Плану горных работ по добыче песчано-гравийной смеси на участке №1 месторождения Бала-Дересин Северный в Актогайском районе Карагандинской области (корректировка)». Пакет документов: Раздел охраны окружающей среды (РООС), проект Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), Программа управления отходами (ПУО), План природоохранных мероприятий (ППМ).

Территория воздействия: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересин с.о., с.Ортадересин.

Географические координаты промышленной площадки: 1) 46°49'50,81"С 75°09'47,46"В; 2) 46°49'50,81"С 75° 09'54,72"В; 3) 46°49'23,39"С 75°09'54,72"В; 4) 46°49'08,73"С 75° 09'33,33"В; 5) 46°49'08,73"С 75° 09'05,29"В; 6) 46°49'13,63"С 75° 09'05,29"В; 7) 46°49'13,63"С 75° 09'30,59"В; 8) 46°49'25,07"С 75° 09'47,46"В

Общественные слушания состоятся: 31 июля 2026 года в 11:00, по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с. Ортадересин, ул.Жаутиков 20.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us06web.zoom.us/j/3467453931?pwd=OWFnOGVpQjFMTmE0TDVtRlRlFjZkdzOj9&omn=89853639720>

Идентификатор конференции: 346 745 3931 Код доступа: YGC0Ki

Реквизиты заказчика: ТОО «Балқаш жібек жолы», РК, Карагандинская область, город Балхаш, ул. Амангелди, 29 Тел: 8 (71036)-4-87-74, эл.пошта: balkhash.zhbek@bk.ru БИН 030340004078, Директор – Тусупбеков М.И.

Реквизиты разработчика: ИП «ПроЭкоКонсалт», РК, г.Караганда, пр.Н.Назарбаева, 4 (БЦ BULVAR), оф.104, руководитель: Обжорина Т.Н Тел: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru (ГЛ на деятельность выполнение работ и оказание услуг в области охраны окружающей среды №02568Р от «26» мая 2025 года, выдана «Комитетом экологического регулирования и контроля Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан».

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda_tabigat/search/1?contentType=&searchText=общественные+лушания&slug=karaganda-tabigat&lang=ru в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел. 8 (776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на <https://ndbecology.gov.kz>, а также по адресу МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», Карагандинская область, город Караганда, ул. Лободы, 20, тел. +7 (7212) 56-41-27, e-mail: expertiza.upr_krg@mail.ru

* Еңбек адамы

Халық сенімін арқалаған азамат

Әрбір мемлекеттің дамуы мен өркендеуі – өз ісіне адал, ел мүддесін жеке басының мүддесінен жоғары қоятын азаматтардың еңбегімен өлшенеді. Халыққа қалтқысыз қызмет етіп, туған жерінің өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген сондай жандардың бірі –



Қажықарымов Қажымқан Серікұлы.

Қажымқан Серікұлы Кусақ ауылының туып өскен. Туған жердің қасиетті топырағында ержетіп, еңбекқорлық пен қарапайымдылықты бойына сіңіріп өскен ол жастайынан елге қызмет етуді өмірлік мұратына айналдырды. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген халық даналығын берік ұстанған Қажымқан Серікұлы еңбек жолын қарапайым жұмыскер болып бастады. Өмірдің әр белесінде жинаған тәжірибесі мен адал еңбегі оның азаматтық тұлғасының қалыптасуына негіз болды. Білімге деген құштарлығы да ерекше еді. 1990 жылы Жамбыл гидромелиорациялық-құрылыс институтын инженер-гидротехник мамандығы бойынша тәмамдап, кәсіби білім алды. Уақыт талабына сай ізденісті тоқтатпай, 2007 жылы Балқаш гуманитарлық-техникалық институтын экономика мамандығы бойынша бітіріп, экономика бакалавры дәрежесін иеленді. Бұл оның үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын жан екенін аңғартады. Қажымқан Серікұлының мемлекеттік қызмет саласындағы еңбек өтілі – 22 жыл. Осы жылдар ішінде ол халыққа қызмет етудің үлкен жауапкершілік екенін терең түсініп, әрбір тапсырманы мұқият әрі сапалы орындауды басты қағидасына айналдырды. Қазіргі таңда «Кусақ ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде бас маман қызметін атқарып келеді. Мемлекеттік қызмет – тек құжат рәсімдеу немесе тапсырма орындау ғана емес. Бұл – халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, ауылдың тыныс-тіршілігіне жанашырлықпен қарап, елдің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған маңызды міндет. Осы жолда менің кейіпкерім өзінің іскерлігімен, жауапкершілігімен және қарапайым болмысымен әріптестері мен ауыл тұрғындарының құрметіне бөленіп келеді. Қандай қызмет атқарса да, сабырлылық пен салмақтылықты серік еткен азамат үшін адалдық пен әділдік қашанда бірінші орында. Ол тұрғындардың өтініштері мен мәселелеріне бейжай қарамай, заң талаптарын сақтай отырып, оң шешімін табуға күш-жігерін жұмсайды. Сондықтан да оның еңбегі көпшілік тарапынан лайықты бағаланып келеді.

Отбасы – әр адамның өміріндегі ең үлкен құндылық. Қажымқан Серікұлы да өмірлік жарымен бірге өнегелі отбасы құрып, үш бала тәрбиелеп өсірген ардақты әке. Ұрпақтарына адал еңбек етуді, үлкенді құрметтеуді, туған жерін сүйуді үйретіп келеді. Оның өмірлік ұстанымы – отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершілікті қатар алып жүру.

Туған жерге қызмет ету – үлкен бақыт. Осындай бақытты адал еңбегімен ақтап жүрген Қажықарымов Қажымқан Серікұлының өмір жолы – жастарға үлгі, әріптестеріне өнеге. Оның көп жылғы еңбегі туған өлкесінің дамуына қосылған сүбелі үлес болып табылады.

Қазақ халқы «Елге қызмет – ерге міндет» дейді. Бұл нақылдың мәнін саналы ғұмырымен дәлелдеп келе жатқан Қажымқан Серікұлының еңбегі әрдайым құрметке лайық. Ел сенімін арқалаған азаматтың алар асуы әлі де биік болып, еңбегінің жемісін көре беруіне тілектеспіз.

Г.Метайқызы,

Кусақ ауылдық округі.

Құттықтаймыз!

Құрметті отбасылық жолдасымыз, ардақты досымыз Әсекеев

Бақытбек Серікұлы!

Сізді ердің жасы – елуге толған мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Елу жас – өмірдің асуы, ақыл мен парасаттың, тәжірибе мен еңбектің то-



ғысқан тұсы. Сіз әрдайым ақжарқын мінезіңізбен, кең пейіліңізбен, достыққа адалдығыңызбен, айналаңыздағы адамдарға қамқор болып жүретін азаматсыз. Қуанышта да, қиындықта да жанынан табылып, жақыныңызға сүйеу бола білетін асыл қасиетіңіз үшін баришамыздың құрметімізге бөленіп келесіз.

Алла Тағала деніңізге саулық, отбасыңызға аمانдық, шаңырағыңызға құт-береке нәсіп етсін! Балаларыңыздың қызығын көріп, немерелеріңіздің қуанышына кенеліп, абырой-беделіңіз арта берсін. Өмір жолыңыз ұзақ, денсаулығыңыз мықты, мерейіңіз үстем болып, әрбір күніңіз шаттық пен жақсылыққа толы болсын!

Елу жасың – ел ағасы шағың болсын,

Қуаныш пен шаттыққа бағың толсын.

Досқа тірек, отбасыңа қорған болып,

Бақыт, дәулет, ұзақ ғұмыр серік болсын!

Ізгі тілекпен: Данияр-Арай, Гүлден,

Алтай-Анар, Қобылан-Айнагул,

Ерболат-Айдана, Маулен-Камила,

Нұрлан-Света.

Құттықтаймыз!

Құрметті

Аяулым Бағдатқызы!

Сені алтын ұя мектебіңді үздік аяқтап, қызыл аттестат иегері атануыңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Қызыл аттестат – тек жақсы оқудың ғана емес, тынымсыз еңбектің,

табандылықтың, ала қойған мақсатқа деген адалдықтың жемісі. Бүгінгі жетістігің – ұстаздарыңның берген тәлімі мен ата-ананың ақ тілегі, өзіңнің қажырлы еңбегіңнің нәтижесі. Бұл қуаныш алдағы үлкен өмір жолындағы жарқын жеңістеріңнің бастауы болсын!

Алдыңнан ашылар мүмкіндіктер көп болғай. Армандаған оқу орныңа түсіп, өзің қалаған мамандықтың білікті иесі атанып, еліңе адал қызмет ететін білімді де парасатты азамат болуына тілектеспіз. Қайда жүрсең де бағың жанып, мерейің үстем, қадамың нық болсын!

Бағдат пен Саня!

Перзенттеріңіздің бүгінгі жетістігі құтты болсын! Балаларыңыздың әрбір қадамы сәтті болып, биік белестерді бағындырып, өз таңдаған мамандықтарының иесі атансын. Отбасыларыңыздан қуаныш пен береке, жақсылық пен шаттық арылмасын!

Арманың асқар шың болсын,

Біліммен бағың гүлденсін.

Қызыл аттестат – алғашқы белес,

Жетістігің мәңгі жалғассын!

Ізгі тілекпен: Интернат ұжымы.

Құттықтаймыз!

Құрметті

Жанайдар Серікұлы!

Сізді мерейлі 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Бала күннен бірге өсіп, қуаныш пен қиындықты қатар бөлісіп, талай қызықты сәттердің куәсі болдық. Сол достық пен



сыйластықтың қадірі жыл өткен сайын артып, ағайындыққа ұласқаны біз үшін үлкен бақыт.

Сіз ұзақ жылдар бойы полиция саласында абыройлы қызмет атқарып, ел тыныштығы мен халықтың қауіпсіздігін сақтауға адал еңбек еттіңіз. Антқа адал болып, азаматтық борышыңызды абыроймен орындап, елдің алғысына, жұрттың құрметіне бөлендіңіз. «Елге елеулі, халыққа қалаулы азамат» деген атқа лайық ғұмыр кешіп келесіз.

Алпыс жасыңыз құтты болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға аمانдық, ұзақ ғұмыр, бақ-береке тілейміз. Бала-шағаның қызығын көріп, мерейіңіз үстем болып, құрметіңіз арта берсін. Достығымыз бен сыйластығымыз мәңгі жалғасып, ортамыздың қадірлі азаматы болып жүре беріңіз!

Алпыс жасқа келіп бүгін толыпсың,

Өміріңнің асқар белін көріпсін.

Денің сау боп, бақ-берекең арта берсін,

Биік болып абыройың, мерейің!

Ізгі тілекпен: құрдас-достарыңыз – Исламбек-Қарлығаш, Марат-Мақпал, Өмірсерік-Жанат.

Құттықтаймыз!

Құрметті құрдасымыз

Бақытбек Серікұлы!

Сені мерейлі 50 жасқа толған туған күніңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Елу жас – ел ағасы жасына жеткен мерейлі белес. Осы белестен биік шыңдарға жете беруіңізге тілектеспін! Деніңе саулық, отбасыңа амандық, еңбегіңе береке, шаңырағыңа шаттық тілейміз. Әсем екеуің ұл-қыздарыңның қызығын көріп, немере сүйіп, ақ сақалды ата, ақ жасулықты әже атанып, ұзақ та бақытты ғұмыр кешіңдер!

Балалықтың бал күндерін бірге кешітік

біз талай,

Әріп танып, асыр салып, армандарға жол салай.

Елу жасқа ел ағасы боп жеттің бүгін, құрдасым,

Бақ пен дәулет, ұзақ ғұмыр серік болсын әрдайым!

Ізгі ниетпен: Гүлнар, Аманкелді-Балғын,

Ердос-Толғанай, Әсет-Гүлмира, Талғат-

Айнагул, Кәмишат, Жасан-Гүлжан.



После смерти Шуланова Шахимердина Маркеновича умершего 19 апреля 2026 года, открыто наследственное дело. Имеющим наследником обращаться к нотариусу Марбатовой А.М. по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, ул. Кисунько, д. 1 Б, тел. 87073453301.

Құрылтайшысы: «Aqtogai aяary»

Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.

Редактор: Нұрдәулет Ақторғай.

Меншік иесі: «Aqtogai aяary»

Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
(күәліктегі ресми атаумен келісілген)

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде 2020 жылдың 10 қаңтарында қайта тіркелді.

Тіркеу күәлігі:

KZ94VPY00019192

Алғашқы тіркеу күні мен нөмірі: 1999 жылғы 09 шілде, №578-Г

Газет апта сайын 1 рет шығады

Таралымы 1030 дана

Газет редакцияның

компьютер орталығында

қатталып, Қарағанды

қаласында «Арқо» баспаханасы

ЖШС-де басылады.

Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының

пікірі газеттің көзқарасын

білдірмейді.

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,
87085474303

Электрондық пошта:
aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.